

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданындағы Алтайка ауылының батысына қарай орналасқан жер учаскелерінің тұстамасындағы Бұқтырма су қоймасының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 9 қазандағы № 263 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 қазанда № 5260 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына, Шығыс Қазақстан облысы, Зырян ауданы, Алтайка ауылының батысына қарай орналасқан жер учаскелерінің тұстамасындағы Бұқтырма су қоймасының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін белгілеу жобасына сәйкес, су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануын мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданындағы Алтайка ауылының батысына қарай орналасқан жер учаскелерінің тұстамасындағы Бұқтырма су қоймасының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданындағы Алтайка ауылының батысына қарай орналасқан жер учаскелерінің тұстамасындағы Бұқтырма су қоймасының су қорғау аймағы аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеуі аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы (М.Н. Нұрғалиев) Шығыс Қазақстан облысы, Зырян ауданы, Алтайка ауылының батысына қарай орналасқан жер учаскелерінің тұстамасындағы Бұқтырма су қоймасының су қорғау аймағы мен белдеуін белгілеу жобасын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Зырян ауданы әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су

қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға берсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ш.З.Байбековқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының
әкімі

Д. Ахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Су ресурстары комитетінің
Су ресурстарын пайдалануды реттеу
және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік
инспекциясының басшысы
_____ Р. Сүлейменов

2017 жылғы "10" қазан

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің
Шығыс Қазақстан облысы
Қоғамдық денсаулық сақтау
департаментінің басшысы
_____ Ф. Сүлейменов

2017 жылғы "10" қазан

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2017 жылғы "9" қазандағы
№ 263 қаулысына
қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданындағы Алтайка ауылының батысына қарай орналасқан жер учаскелерінің тұстамасындағы Бұқтырма су қоймасының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі

Су объектісі, оның учаскесі	Су қорғау аймағы			Соның ішінде су қорғау белдеуі		
	Ұзындығы , км	Ені, м	Ауданы , га	Ұзындығы , км	Ені, м	Ауданы , га
М.К. Есенжановқа және Т.Г. Ниязбековке берілген жер учаскелері шекараларындағы Бұқтырма су қоймасы	73,0	500,0	3,2	73,0	55,0 - 68,0	0,38
А.В. Тютеньковқа, Е.Н. Тютеньковаға, Е.И. Тютеньковаға, А.А. Тютеньковқа,	122,0	500,0	6,0	123,0		0,75

А.Б. Сахариеваға берілген жер учаскелері шекараларындағы Бұқтырма су қоймасы					55- 60,0	
--	--	--	--	--	-------------	--

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген Шығыс Қазақстан облысы, Зырян ауданы, Алтайка ауылының батысына қарай орналасқан жер учаскелерінің тұстамасындағы Бұқтырма су қоймасының су қорғау аймағы мен белдеуін белгілеу жобасының картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК